

#17-18

(1031-1032)

27 маусым

2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Мерейлі
мерекелер,
әріптестер!



✓ BRENT \$79

✓ USD 519 T

✓ EUR 602 T

✓ RUB 6.48 T

АҚПАРАТ ӘЛЕМІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

**28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ
ҚАРСАҢЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-
ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БІР ТОП ЖУРНАЛИСТЕРМЕН
КЕЗДЕСІП, МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН
МАРАПАТТАДЫ.**

Мемлекет басшысы ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті: «Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін».

Президент журналистер қауымын реформаның қозғаушы күші деп бағалап, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет ететінін атап көрсетті.

«Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиа саланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды», – дей келе, Мемлекет басшысы қазіргідей бұлыңғыр заманда ел бірлігін сақтап, басты

байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажеттігін тағы да еске салды.

«Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елестіріп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы жиынға ақпарат саласының ардагерлері арнайы шақырылғанына назар аударды:

«Сауық Жақанова, Жарылқап Бейсенбайұлы, Шархан Қазығұл сияқты журналистика майталмандары ортамызда отыр. Сіздер ұлттық ақпарат саласын дамытуға зор үлес қостыңыздар. Тілшілердің тұтас буыны өздеріңізге қарап өсті. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Қай салада болсын, адал еңбек лайықты бағалануға тиіс. Бұл – бәріміз бірге құрып жатқан әділетті қоғамның мызғымас ұстанымы».

Президент отандық журналистика саласының дамуына зор үлес қосқан бір топ азаматты марапаттады.



**Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығы биыл кімдерге бұйырды?**

1. «Egemen Qazaqstan» газеті бас редакторының орынбасары – Талғат Садықұлы Батырханға;
2. «Айқын-Литер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры – Талғат Ешенұлы Қырықбаевқа;
3. «Казахстанская правда» газетінің бөлім редакторы – Юлия Дмитриевна Магерге;
4. «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының шеф-редакторы – Армангүл Тоқтамұратқа берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы гранты:

1. «Kokshe» телеарнасының шеф-редакторы – Зарина Өмірғалиқызы Бекқалиеваға;
2. «Jibek Joly / Silk Way» телеарнасының тілшісі – Күнсая Құрмет-Рахимоваға;
3. «Abay Live» YouTube арнасының авторы және жүргізушісі – Абай Сейфуллаұлы Тіленшиевке;
4. «Tengrinews.kz» сайтының тілшісі – Алина Александровна Шашкинаға тапсырылды;

Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы Алғысы:

1. «Ana tili» газетінің шығармашылық ұжымына;
2. «BALAPAN» телеарнасының шығармашылық ұжымына;
3. «Soltustik Qazaqstan» газетінің шығармашылық ұжымына;
4. «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының ұжымына жарияланды.

Еңбегі еленген әріптестерімізді құттықтаймыз!



Олжас БЕКТЕНОВ,
Премьер-Министр:

«Экологиялық мәдениет қазіргі Қазақстан қоғамының күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Тазалық тазартылған жерде емес, қоқыс

тасталмаған жерде. Бәріміз осы қарапайым ғана қағиданы үнемі жадымызда ұстағанымыз абзал.

Экология және ішкі істер министрлігі қоршаған ортаны ластаған адамдарды жауапкершілікке тартуға тиіс. Оларға қатысты қатаң шараларды қабылдай отырып, кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн».

Ерлан НЫСАНБАЕВ,
экология және табиғи ресурстар министрі:

«Тазалық мәдениеті төмен деп айтсақ, халқымыз өкпелейтін болар. Бүгінде «өз қоқысыңды өзіңмен алып кет» қағидасын қалыптастыруымыз керек. Мысалы, шетелге

барсақ, қоқыс салатын жәшіктерді көрмейміз. Әркім өз қоқысын алып жүреді. Біз де сол деңгейге жетуіміз керек. Өйткені бүгінгі таңда Ұлттық парктерге адам көп келеді. Ол жерде санитарлық қызмет жасақталған. Өкінішке қарай, тазарлау процесі мүлде тоқтамайды. Қазір тазаласаң, қазір ластап кетеді. Экологиялық мәдениетті көтеру керек – мұндай мәселе бар».



САУАЛ:

Елдегі ең төменгі жалақы 174 мың теңгеге дейін көтеріле ме?

ЖАУАП:

Серік ЖҰМАНҒАРИН,
Премьер-министрдің орынбасары-ұлттық экономика министрі:

«Ең төменгі айлық – күрделі мәселе. Бұл жерде инфляция тәуекелін де ескеру керек.

Өйткені ең төменгі айлықты көтеру, біріншіден, өндірістің шығындарын көтереді. Екіншіден, тұтыну секторына қосымша ақша әкеледі. Бұл сұранысты арттырып, инфляцияға әсер етеді. Сондықтан бұл мәселеге өте байыппен келу керек. Ең төменгі айлықтың инфляцияға ұзақ мерзімде қалай әсер ететіні туралы есеп жоқ. Дегенмен кейбір сарапшылар әсері әрдайым болатынын айтады. Көтеру керек, бірақ күрт көтеруге болмайды».



СВЗ-ЖЕБЕ



Ринат ЗАЙЫТОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Отан деген не?» деген бір шумақ тақпақ жаттамаған бала әскерден қашпағанда не істейді?! Оған қоса, оның күнделікті алып жатқан ақпараты «әскерде анау өлді», «әскерде мынау өлді» болды. Осыдан кейін қайдан патриот болады? Себебі кішкентайынан бастап әлеуметтік желілерден алып жатқан ақпараты патриоттыққа еш қатысы жоқ. Сол себепті қорғаныс министрлігі патриоттық тәрбиемен айналысуға міндетті деп ойламаймын. Оның өзінің жеке міндеті бар».

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – ТЫНЫШТЫҚ. АЛ ТЫНЫШТЫҚТЫ КҮЗЕТИП ЖҮРГЕНДЕР – ПОЛИЦИЯ МЕН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ. ПОЛИЦЕЙЛЕР – ҚАУІПСІЗДІК КҮЗЕТІНДЕ ЖҮРГЕН ҚАЙСАРЛАР. ПРЕЗИДЕНТ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Бұл – құрғақ мақтау мен марапат үшін емес, құрмет пен сенімнің белгісі. Себебі олар – ел ішінде болып жатқан тыныш өмірдің күзетшілері. Ал сол тыныштық кездейсоқ келген жоқ. Отыз жылда жүздеген полиция қызмет бабында мерт болды, мыңдаған құқық қорғаушы жарақат алды. Есесіне, елде қылмыстық құқық бұзушылықтар саны тек 2019 жылдан бері 2 есе азайыпты. Тонау мен қарақшылық – 4 есе, кісі өлтіру – 30 пайыз, қоғамдық орындардағы қылмыс 80 пайызға азайған. Бұл – бір күннің жұмысы емес. Бұл – бейбіт күн майданындағы көрінбейтін күрестің жемісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру – барша азаматтың құқығын қорғаудың негізі», – деді. Бұл бос сөз емес. Бұл – Мемлекет басшысының ұстанымы.

Қазақ қоғамында әйел мен бала әлсіздігін емес, үлкен қамқорлықты сезінетіндей жағдайда болуы керек. Жаза қатайды. Бір жылда қабылданған заңның нәтижесінде отбасылық қылмыс 30 пайызға азайды. Бұл – қаншама еңсесі езілген ананың күрсінісі мен қаншама баланың көз жасы тыйылды деген сөз. Бұл – жақсылықтың басы. «Қазақстан балалары» арнайы бағдарламасы – ұрпаққа қамқорлықтың жаңа кезеңі. Біз



Фото: Бибігүл Жексенбайдың жеке мұрағатынан

ТӘРТІП БОЛМАСА – ТӘУЕЛСІЗДІК БАЯНСЫЗ

ұрпақты қорғамасақ, келешек те қорғансыз қалады. Нашақорлық – жас ұрпақтың жауы, ұлт келешегінің құрты. 2025 жылдың өзінде 83 есірткі зертханасы жойылған. Есірткі өндірушіге өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді. Бірақ мәселе жазада емес, жастарды сақтап қалуда.

2019 жылдан бері көлеңкелі экономика ЖІӨ-нің 23 пайызынан 16 пайызына дейін азайды. Бұл – заңды бизнеске жол ашу, адал кәсіпкерді қорғау. Енді саяси жүйедегі жаңа тәсілдер осы әділеттікті тереңдетуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуы тиіс. Шындық осы. Тәртіп болмаса – тәуелсіздік баянсыз. Тәртіп болмаса – экономика тозады. Тәртіп болмаса – адам тағдыры тәлкекке түседі, намысы тапталады. Сондықтан тәртіп – енді тренд. Бұл – ұран, насихат қана емес, әр саналы азаматтың ұрпаққа көрсетер үлгісі. Заңсыздықпен күрес тек жазалау арқылы емес – оның алдын алу

арқылы болуы керек. Президент «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» арнайы заңды жыл соңына дейін қабылдауды тапсырды. Бұл – тек қылмыспен күресу емес, оның алдын алуға бет бұру. Полицияны жазалаушы емес, кеңесші, қорғаушы-қамқоршы ретінде көру – жаңа ұстаным. Цифрландыру – құқық қорғаудың құралы. Жаңа заман – цифрлық құралмен қылмыстың алдын алу заманы.

Біз ұрпаққа физика мен алгебраны ғана емес, адалдықты, заңға құрметті үйретуіміз керек. Шын ұлт – заңды сыйлайтын қоғамнан басталады. Құқық қорғаушы – шекпен емес, ар киетін адам. Заң мен тәртіп – билікке емес, халыққа қызмет ету жолы. Тәртіп болған жерде әділет болады. Әділет болған жерде – сенім, ал сенім – ұлттың тірегі. Қазақстан – заң үстемдігі орнаған, тәртіпті, қауіпсіз мемлекет болуы тиіс. Бүгін сол жолдағы әрбір қадам – ертеңгі ұрпақ үшін іргетас.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ –
РУХАНИЯТТЫҢ ОРДАСЫ.
САН ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ
МЕН ДІЛІ ТЕРЕҢ, ДІНІ ТАЗА
БҰЛ АЙМАҚТЫҢ БҮГІНГІ
БОЛМЫСЫ ЖАЙЫНДА СӨЗ
ҚОЗҒАҒАНДА, ОНДАҒЫ
БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІ
МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫ ДА НАЗАРДАН
ТЫС ҚАЛМАЙДЫ. СОҢҒЫ
УАҚЫТТА ЕЛІМІЗДЕ
ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ОРЫН
АЛҒАН СУИЦИД ДЕРЕКТЕРІ
ҚОҒАМДЫ АЛАҢДАТЫП
ОТЫР. ОСЫ ОРАЙДА БІЗ
БЕЛГІЛІ ИМАМ, ДІНТАНУШЫ
НҰРЛАН БАЙЖІГІТҰЛЫМЕН
ӘҢГІМЕЛЕСІП, ТҮРКІСТАН
ӨҢІРІНДЕГІ РУХАНИ АХУАЛ
МЕН МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ
САУЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ
ПІКІРІН БІЛДІК.**



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – БАЛАНЫҢ ЖАНЫНА ДЕРТ ТҮСІРМЕЙТІН ЕҢ БАСТЫ ҚОРҒАН

«Әр қазақ үшін Түркістан – қасиетті мекен. Өз басым әр қазақ оны өз жұрты, өз өрісі деп есептеуі керек деп ойлаймын. Жалпы, ол жақтың халқының руханияты қандай деңгейде десек – жақсы деңгейде. Қазақы ұлттық құндылықтар сақталған өңір. Негізінде, бұл тек Түркістанға ғана тән емес, жалпы еліміздің барлық аймағында ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүріміз, тіліміз бен діліміз белгілі бір деңгейде сақталып келеді. Бұрынғы бабалардан қалған белгілер, көнеден жеткен ізі байқалады,» – деді Нұрлан имам.

Нұрлан Байжігітұлы мектеп жасындағы балалардың психологиялық саулығына байланысты мәселелі сұрақтардың жауабын ұлттық тәрбиеден іздеу қажет екенін айтады.

Оның пайымынша, Түркістан мектептерінде де діни және

дүниелік сауаттылық деңгейі жақсы. Балалардың білімге деген ынтасы жоғары. Алайда ол ең басты ерекшелік ретінде – ұлттық тәрбиенің сақталуын ерекше атап өтті.

«Діни білім өз жолында жүріп жатыр. Бірақ Түркістанның бір ерекшелігі – ұлттық тәрбиенің сақталғаны дер едім. Бұл – үлкен артықшылық. Себебі мешіттегі жамағаттың өзі ұлттық рухты бойына сіңіріп өсіп келеді.

Жалпы, балалардың психологиясы, ой-санасы, өмірге бейімділігі – мұның барлығы рухани дүниемен тығыз байланысты. Ал бұл руханияттың өзегін ұлттық тәрбие деп түсінуіміз керек. Уағыз жайлы айтқанда қазақы болмысымызды назардан тыс қалдыруға болмайды. Уағыз ден тәрбиені бөліп қарауға мүлде болмайды, себебі ұлттық

болмысты толық қабылдасақ, өмір сүру де жеңілдейді.

Кейде біз қазір бәрін ауызекі айтып жүргенмен, жүрекпен сезіне алмай қалғандаймыз. Бұл – біздің болмысымыз, өмірлік бағытымыз, күнделікті ұстанымымыз. Егер осыны санаға сіңірсек, ұлттық тәрбие бізге жат болмайды, керісінше, өзіміздің ең жақын рухани тірегімізге айналады» – деді Нұрлан Байжігітұлы.

Имamnың пікіріне сүйенсек, ұлттық тәрбие – баланың тек дүниетанымын ғана емес, жан дүниесін, ішкі тұрақтылығын қалыптастыратын басты қорған. Ол ата-әженің тәрбиесінде, ана әлдиіде, әке өнегесінде, дәстүр сабақтастығында жатыр деп қорытындылай аламыз.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ҮЙЛЕНУ, ТҰРМЫС ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ – ӘРҚАШАН ӨЗЕКТІ. ДЕГЕНМЕН, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖАСТАРДЫҢ ҮЙЛЕНУГЕ ДЕГЕН ҚҰЛШЫНЫСЫ БӘСЕҢДЕГЕНІН ҚОҒАМ ДА, МАМАНДАР ДА МОЙЫНДАЙДЫ. БҰРЫН 23–25 ЖАСТАН ҚАЛМАЙ ШАҢЫРАҚ КӨТЕРУГЕ ТЫРЫСҚАН ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ БҮГІНДЕ БҰЛ ШЕШІМДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУДЫ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРҒАНДАЙ. ОНЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ? ҚОҒАМДЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР ӘЛСІРЕДІ МЕ, ӘЛДЕ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ӨЗГЕРДІ МЕ?

Психолог Ержан Мырзабаев бұл құбылыстың түп-тамыры тереңде екенін айтады.

– Үйленуге асықпаудың бірнеше психологиялық астары бар. Бұл, ең алдымен, адамның ішкі дайын болмауымен тікелей байланысты. Бізде жиі байқалатын жағдай – балалық шақта дұрыс отбасылық модельді көрмеу. Егер бала ата-анасының арасындағы қақтығыстарға куә болып өссе, олардың ажырасқанын көрсе, отбасын құру идеясы санасында үреймен қабаттаса қалады. Мұндай адамдар ересек өмірінде де жауапкершіліктен қашады, екінші адам үшін шешім қабылдаудан қорқады. Сондықтан олар өздерін «өзім үшін өмір сүретін адаммын» деп ақтап алуы мүмкін, – дейді психолог.

Ержан Мырзабаевтың пікірінше, жастардың отбасылық өмірге дайындығы олардың бала күнінен қалыптасады.

– Егер бала сүйіспеншілікке, татулыққа толы отбасында өспесе, болашақта шаңырақ көтеру – оған міндет емес, керісінше қауіп көзі болып көрінеді. Сол себепті мұндай адамдарды жай ғана «жалқау», «үйленуге еріншек» деп сөгу – қателік. Олар көбіне өзін қорғап, қашықтан бақылауды дұрыс санайды. Егер ондай таныстарыңыз болса, міндетті түрде психологтың көмегіне жүгінгені дұрыс, – дейді ол.

Психологиялық аспектіден бөлек, жастардың үйленуге асықпауына өмірдің шынайы қиындықтары да әсер етуде. 27 жастағы Нұрислам өзін үйленуге әлі дайын емеспін деп санайды.

ЖАСТАР НЕГЕ ҮЙЛЕНУГЕ АСЫҚПАЙДЫ?



– Үйлену оңай емес. Үй, көлік, жұмыс – барлығы адамды ойлантады. Қазір біреудің қызына жауапкершілік алатын деңгейде емеспін деп есептеймін. Өзімнің материалдық жағдайымды толық тұрақтандырмайынша, отбасын құрғым келмейді. Бүгінгі қоғамда бәрі ақшаға тіреледі. Қарапайым той жасау да шығын. Сосын келіншегіңе киім алып беру, баланың шығыны – бәрі қаржымен өлшенеді. Меніңше, бұл – шындық. Сондықтан үйленуге асығатын адам емес екенімді түсіндім, – дейді Нұрислам.

Ал 24 жастағы Жаннұр тұрмыс құруды мансабына кедергі деп санайды.

– Әлі өзімді таба алмадым деп ойлаймын. Қазір барлық энергиямды карьерам мен өзімді дамытуға бағыттадым. Тұрмысқа шықсам, күйеуімнің, қайын жұрттың көңілін табамын, бала туамын. Ол кезде өзімді ұмытып, армандарым далада қалады деп қорқамын.

Сондықтан мен үшін бастысы – алдымен жеке өмірімді, карьерамды орнықтыру, сосын барып отбасылық өмірді ойлауға болады, – дейді Жаннұр.

Жастардың үйленуге асықпауын түсіну үшін кінәлаудан гөрі, олардың көзқарасын, уәжін тыңдау керек. Қазіргі қоғамда бұл – үрдіс емес, дағдарыс та емес. Бұл – уақыт талабы. Десе де, дәл осы тақырып бойынша қоғам да, отбасы да жастарға қолдау көрсетуі маңызды.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

**ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯ
ДАМЫҒАН ЗАМАНЫНДА
КІТАП ОҚУҒА
ҚҰШТАРЛЫҚТЫҢ БІРШАМА
БӘСЕҢДЕП ҚАЛҒАНЫ РАС.
ДЕГЕНМЕН СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ
БҰЛ БАҒЫТТА ЗОР СЕРПІЛІС
БАЙҚАЛАДЫ. ҚАЗІР ӘР
АЙМАҚТА ЖАС БУЫНДЫ
КІТАП ОҚУҒА БАУЛИТЫН
ТҮРЛІ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА
АЛЫНЫП, ӨЗ НӘТИЖЕСІН
БЕРЕ БАСТАДЫ. СОНДАЙ
БІР ЖОБАНЫ ТҮРКІСТАН
ҚАЛАСЫНДАҒЫ БІЛІКТІ
ҰСТАЗ БАҚЫТЖАН ТӨЛІМБЕТ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ.**

**ОСЫДАН ЕКІ АЙДАЙ
УАҚЫТ БҰРЫН ТҮРКІСТАН
ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
БАСШЫСЫ БОЛЫП
ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА
17 ЖЫЛДАН АСТАМ
ТӘЖІРИБЕСІ БАР. БАҚЫТЖАН
НҰРМАХАНБЕТҰЛЫ ЕЛДЕ ДЕ,
ШЕТ ЕЛДЕ ДЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
АЛҒАН. НАҚТЫ АЙТСАҚ, ӘЛ
ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ФИЛИЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІН
БІТІРІП, ЛОНДОН
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМІН
ЖЕТІЛДІРДІ. ЕҢБЕК ЖОЛЫН
ҚАРАПАЙЫМ МҰҒАЛІМ
БОЛЫП БАСТАҒАН
ОЛ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА
БІЛІМ САЛАСЫНА ТҮРЛІ
ЖАҢАШЫЛДЫҚ ӘКЕЛУІМЕН
ТАНЫЛЫП ОТЫР. ОНЫҢ
ЖОБАЛАРЫ ҚАЗІР АЙМАҚ
ДЕҢГЕЙІНДЕ КЕҢІНЕН
ҚОЛДАНЫЛУДА.**



«КІТАРХАН»: КІТАП ОҚУҒА ҚАДАМ

Бақытжан Төлімбеттің «KitapXAN», «Өскенде кім боласың?», «TOnline Adisker», «45 минут», «Ыбырай жазулары», «IntellectumDD2» атты авторлық бағдарламалары бар. Қазір олар Түркістан қаласында кеңінен жүзеге асырылып жатыр. Бұлардың арасында, әсіресе, «KitapXAN-ның» жобасының орны бөлек. Аталмыш жоба бойынша оқу жылы бойы ұстаздар мен шәкірттердің кітап оқу деңгейін анықтау мақсатында байқау өткізу дәстүрге айналған.

«KitapXAN» кітап оқыту әдісі – білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен оқушыларының

кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қолға алынған бастама. Бұл идея, шын мәнінде, қазіргі жастардың сөздік қорының төмендеуі, логикалық ойлау мен көркем сөйлеу дағдысының әлсіреуі сынды алаңдатарлық жағдайлардан кейін туындаған.

Бақытжан Төлімбет: «KitapXAN» атауы туралы айтар болсам, кітап оқудағы бірінші адам, кітаптың Ханы, лидері деген ойға саяды. Мысалы, ағылшындар «big reader», «book lover» деп жатады. Сол сияқты кітап оқуды да сәнге, бұқаралық мәнге айналдыра отырып, нағыз

KitapXANдарды анықтау, дәріптеу. Оған қоса, кітапхана сөзімен де ассоциацияланады», – дейді.

KitapXAN кітап оқыту әдісі еліміздің әділет министрлігінде тіркелген, енді Оқу-ағарту министрлігінің №514 бұйрығына енгізіліп, басқа облыстарға тәжірибе таратылып, республикадағы әріптестерімізде де қатысу мүмкіндігі болады.

«Біз кітап оқу мәдениетін жаңғыртып, оны заман талабына сай қызықты үлгіде ұсындық. Жоба төрт жылдан бері жалғасып келеді. Қыркүйек айында басталып, мамырға дейін жалғасады. Жыл бойы онлайн ZOOM платформасында өтетін жоба бірнеше кезеңнен тұрады және финалға нағыз «big reader-лер» шығады. PISA, PIRLS-тің оқу сауаттылығын арттыруға жанама түрде тиімділігі болатыны да айтылады. Әлем және ел әдебиетінің сараптамадан өткен тізімі таңдауға беріледі. «KitapXAN» әр мектепте арнайы креативті кітап бұрыштарын жасақтап, оқушылар өзара пікір алмасатын «оқырман клубтарын» құру жоспарда бар», – дейді Бақытжан Төлімбет.

Айта кетейік, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайда жариялаған «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» және «Балалар кітапханасы» ұлттық бағдарламасы аясында Түркістан өңірінде мұғалімдер мен оқушыларға арналған KitapXAN әдісі қолданылып, кітап оқу мәдениеті кең тарап, бұқаралық



сипат алып келеді. Әр мектепті оқуға жұмылдыра отырып, сыни және креативті ойлануды дамыту, күнделікті оқу дағдысын әдеттендіру, оқуға құштар ұлт жасауға қадам қалыптастыруға зор серпін береді.

Баланы кітап оқуға баулитын әдіс бес бағыттан тұрады. Олар:

1. Бастауыш сынып оқушылары
2. Жоғары сынып оқушылары
3. Мұғалімдер мен тәрбиешілер
4. Білім беру ұйымдарының басшылары

«КІТАРХАН»:



5. Ата-аналар

Бақытжан Төлімбет жоғарыда аталған басқа жобалар туралы да айтып берді. Олардың әрқайсысы білім беру саласына тың серпін беруге бағытталған. Түркістанның бас ұстазы әр жобаның мақсат-мүддесін төмендегіше түсіндіріп өтті:

«Өскенде кім боласың?» – аты айтып тұрғандай, кәсіптік бағдар беру жобасы. Бұл бастама арқылы

жоғары сынып оқушылары түрлі сала мамандарымен онлайн тілдесіп, болашағын саналы түрде жоспарлай алады. Мамандық таңдау – өмірлік маңызды шешім. Сондықтан біз оқушыларға кәсіби ортаға ертерек бейімделуге жағдай жасап отырмыз.

«TOnline Adisker» – әдістемелік қолдау көрсететін онлайн кеңес беру алаңы. Бұл жобаның басты

артықшылығы – әдіскер мен мұғалім арасындағы бейресми, достық байланыс орнату арқылы оқуға ынтасын арттыру.

«45 минут» – мұғалімдерге арналған әдістемелік көмек жобасы. Біз әрбір 45 минуттың сапасын арттыру үшін ашық сабақтар, шеберлік сыныптар, инновациялық тәжірибелер базасын қалыптастырдық.

«Ыбырай жазулары» – қазақ білімінің атасы Ыбырай Алтынсариннің рухани мұрасын жаңғыртатын жоба. Білім саласында қызмет атқарып жүрген мамандардың өз тәжірибесімен бөлісетін, ғылыми-педагогикалық мақалаларды, жинақтарды жариялайтын кеңістік.

«IntellectumDD2» – директорлар көшбасшылығын күшейтуге бағытталған интеллектуалды дебат. Мектеп басшыларына оқу-білім,



КІТАП ОҚУҒА ҚАДАМ

тәрбие мен менеджментке қатысты тақырыптар беріледі. Бұл жердегі идея – басшыларды шаруашылық жұмыстан негізгі білім мазмұны жағына назар аударту болатын.

Айта кететіні, былтыр облыс әкімінің қолдауымен облыстағы 700-ден аса мектеп басшылары «Көшбасшылық – заманауи өзгеріс» бір айлық курсынан толық өтті. Бұлай бірден барлық директорды оқыту соңғы уақыттарда басқа облыстарда болған емес».

Автордың айтуынша, бұл жобалардың барлығы негізінен мектеп бағдарламасынан тыс, әдістемелік көмек ретінде жүргізіледі. Алайда кейбірі сабақ үстінде де тиімді интеграциялана алады екен. Сонымен қатар әзірге Түркістан өңірінде жүзеге асырылып жатқан осы жобалар болашақта елдің басқа аймақтарына да таралуы мүмкін.

«Сабақ үстінде де қолданылатындарына келсек, мысалы, «45 минут» мұғалімнің күнделікті сабағына әдістемелік көмек болса, «KitapXAN» оқу сауаттылығы пәнімен үндесіп жатады. Қазіргі таңда бұл жобалар Түркістан қаласы мен облысында жүйелі түрде жүзеге асып жатыр. Болашақта Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, басқа аймақтарға да бейімдеп ұсыну жоспарда бар», – дейді қалалық білім бөлімінің басшысы.

Бақытжан Нұрмаханбетұлы: «Түркістан – тек тарихи қала емес, сонымен бірге білім мен мәдениеттің де ордасы болуы тиіс. Ол күн санап көркейіп келеді. Биыл ерекше мәртебе алған қала осы өрлеуге сай білім беру жүйесі бойынша да заманауи талаптарға жауап беруі керек.

базасы ретінде өңірдегі лагерлерді жыл он екі ай тиімді пайдалану жоспарда бар», – дейді

Киелі мекендегі білім мен тәрбие саласында жаңашылдық көп. Креатив кеңістігі барынша кеңейіп, жас ұрпақты рухани құндылықтарға тәрбиелейтін түрлі бастамалар көбейіп жатыр. Олар ретімен




Болашақтағы басты жоспарымыз – цифрлық мектеп моделін толық енгізу, директорлар корпусын қалыптастыру, мұғалімдердің кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлу, білім беру инфрақұрылымын жаңғырту және инклюзивті білім беру бағытында нақты жобалар жасау. Сонымен қатар мұғалімдерден де, оқушылардан да олимпиада резервін құрып, оған дайындық

жүзеге асырылуда. Ал біз Бақытжан Төлімбеттің баланы кітап оқуға баулып, рухани жағынан байытатын жобасы ел ішінде қанат жайса дейміз.

Оразәлі БАЙМҰРАТ

Суреттер:
Бақытжан Төлімбеттің
жеке мұрағатынан

«БАР МЕН ЖОҚ»



ЖАҢА КІТАП – БІР ТЕЛЕЖУРНАЛИСТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ ТУРАЛЫ ҒҰМЫРБАЯНДЫҚ ХАМСА.

Кейіпкері – Иманбай Жұбай. Белгілі тележурналист, медиаменеджер, бар өмірін БАҚ саласына, оның ішінде, тележурналистикаға арнаған адам.

«Қазақстан» РТРК» АҚ тарихында 1958 жылдан қазірге дейін 22 басшы басқарған екен, кейіпкеріміз солардың 18-мен бірге қызмет еткен.

Бұл – бір тележурналистің тағдыры, теледидар тарихының бір тарау шежіресінің бір үзігі...

Сол қырық жыл өтілінде журналистің бар лауазымдық сатысынан өткен: редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, шеф-редактор, бас редактор, бірлестік жетекшісі, бас продюсер, жобалар жетекшісі, арна директоры, агенттік жетекшісі, Төрағаның орынбасары, Төрағаның кеңесшісі, бағдарлама жүргізушісі, сценарист...

«Таңшолпан», «Бар мен жоқ», «Президент аудиториясы»,

«Саясат», «Еркін сөз», «Заман сауал», «Миллион», «Айна» бағдарламаларының жүргізушісі. Сондай-ақ бірнеше деректі фильмдердің сценарийін жазған.

Туындыда осы жолдағы қызықтар мен қиындықтар баяндалады. Теледидар тарихына байланысты көптеген деректер де баршылық.

Кітаптың авторы – Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері, тележурналист Ержан Арзықұлов.

Jas Qazaq

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)